

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев биылғы Жолдауда жаңа жылдан бастап ең төменгі жалақыны 85 мың теңгеге көтеруді тапсырды. Ізінше Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі қанша адамның табысы артатынын да мәлім етті. Алайда қымбатшылық белең алған қоғамда бұл қаржы күн көруге жете ме? Мәселеге шынайы көзқараспен қарайық...



Ақмешіт

16 қыркүйек
сенбі
№73 (1980)
2023 жыл

Газет
1994 жылдың 15 сәуірінен
бастап шығады

Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-
ақпараттық тарихи-танымдық газет •
E-mail: akmeshit.kz@mail.ru

апталығы

85000 VS 300000

Немесе ең төменгі жалақы қанша болуы керек?

Президент пәрмен берді министрлік орындауға кірісті

– Біз бұған дейін үде бергеніміздей, Үкімет ең төменгі жалақы мөлшерін біртіндеп өсіре береді. Азаматтардың табысын арттыру үшін 2024 жылдың 1 қаңтарынан бастап ең төменгі жалақы мөлшерін 85 мың теңгеге көтеруді тапсырамын. Осылайша, біз еңбекақының ең төменгі мөлшерін үш жыл ішінде екі есе көбейттік. Бұл шара 1 миллион 800 мың адамның, оның ішінде бюджет саласында еңбек ететін 350 мың азаматтың әл-ауқатын арттыруға септігін тигізеді. Жалпы еңбек нарығын жан-жақты дамыту үшін Үкімет қысқа мерзімде 2030 жылға дейінгі кешенді жоспарды бекітуі керек, – деді Мемлекет басшысы биылғы Жолдауда.

Президент тапсырмасы арқылы ең төменгі жалақының өсуі 1,8 млн-ға жуық қазақстандыққа әсер ететінін Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің баспасөз қызметі де мәлім етті.

«Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес 2024 жылғы 1 қаңтардан бастап ең төменгі жалақы мөлшері 70 мың теңгеден 85 мың теңгеге дейін артады. Нәтижесінде барлық әртүрлі саладағы меншік нысандарындағы кәсіпорындарда жұмыс істейтін 1,8 млн-ға жуық жаламалы жұмыскердің, оның ішінде 350 мыңға жуық бюджеттік қызметкердің ақшалай табысы ұлғаяды. Ең төменгі жалақы – қатардағы, біліктілігі жоқ жұмысшыға ақшалай төлемдерді анықтауға арналған ең төменгі еңбек стандарты. Бұл ретте жұмыскердің жалақысы оның біліктілігіне, орындалатын жұмыстың күрделілігіне, саны мен сапасына қарай қалыптастырылады», – делінген Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің баспасөз қызметі таратқан ақпаратта.

Тағы бір айта кетерлігі, Қазақстанда ең төменгі жалақы мөлшері 2022 жылдан бастап жыл сайын өсуде. 2024 жылдың 1 қаңтарынан бастап 85 мың теңгеге дейінгі кезекті өсімді ескеретін болсақ, үш жыл ішінде 2 есе ұлғайтылмақ. Қаржы министрлігі қанша қаржы бөлінетінін де айтты.

3.5 трлн теңге жете ме?

Халықтың табысын арттыру үшін 3.5 трлн теңге бөлінбекші. Бұл қаржы мемлекет көздеген мақсатқа жете ме? Қаржы министрлігіндегілер не дейді?

Қаржы вице-министрі Абзал Бейсенбекұлы Мәжілісте «2024-2026 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» заң жобасын таныстырды. Вице-министр «Халықтың табысын арттыру бағдарламасын іске асыру үшін келесі жылға 3.5 трлн теңге қарастырылғанын атап өтті.

Абзал Бейсенбекұлының депутаттардың алдында айтқан сөзіне қысқаша тоқталсақ... Қаржы вице-министрінің айтуынша, 1,5 миллионнан астам жұмыскердің жалақысын



көтеру үшін 2.5 трлн теңге бюджеттен бөлу қарастырылған. Бұдан бөлек өңірлік жұмыспен қамту карталары аясында 724 млрд теңге бөліне, «Ауыл аманаты» жобасы аясында 100 млрд теңге бөлінеді дейді ол. Мемлекеттік және әлеуметтік қолдау бойынша жүйелі шараларды іске асыруға 378 млрд теңге көзделген.

Лауазымы бойынша еліміздегі екінші қаржыгер 2024 жылға әлеуметтік төлемдерге арналған шығыстар 5.3 трлн теңгені құрайтынын атап өтті. Оның ішінде базалық зейнетақы мен жәрдемақы инфляция деңгейіне, ынтымақты зейнетақы инфляциядан 2%-ке индекстеледі.

– Балалары бар отбасыларды қолдау үшін бала күтімі кезеңі 1.5 жасқа дейін ұлғайтылды. 2023 жылдан бастап 93

мыңға жуық көпбалалы ананың жәрдемақысы көбейтілді. Осы мақсатқа 2024 жылы 93.3 млрд теңге көзделген, – деді Абзал Бейсенбекұлы.

Вице-министр 2028 жылға дейін әйелдердің зейнеткерлік жасы 61 жас деңгейінде қалғанын да мәлім етті. Бұл 150 мыңнан астам адамға қатысты көрінеді. Ол үшін есепті кезеңде 473 млрд теңгеге жуық қаражат керек болады.

Зайытов айтқан 300 мың теңге...

Мәжіліс депутаттарының ішіндегі өткір тілдісінің бірі – Ринат Зайытов. Халық қалаулысы 85 мың теңгенің

ештенге жетпейтінін айтып, ең төменгі жалақының 300 мың теңге болуы керектігін мәлім етті.

Әлеуметтік желілерде жүрген бейнематериалда Зайытовтың қымбатшылық қысып тұрған нарықта бұл жалақыға қарызға батпай өмір сүру мүмкін емесін айтқаны белгілі. Ол тіпті бір отбасының айлық шығынын есептеп, қанша қаржы кететінін де жеткізді.

– Мен өткен жолы бұл сұрақты Светлана Жақыпова ханымның өзіне де қойғанмын. Сол кезде ол «Мен сіздің айтқаныңызбен, 85 мың теңге жетпейді дегеніңізбен келіспеймін» деген еді. Сол үшін әдейі есептеп, арнайы дайындалып келдім, – деді мәжілісмен.

2 БЕТТЕ

СЕССИЯ

Осы аптада Қызылорда қалалық мәслихатының кезекті VIII сессиясы өтті. Қызылорда қалалық мәслихат төрағасы Ибадулла Құттықожаяев төрағалық еткен жынға халық қалаулылары, Қызылорда қаласының әкімі Асылбек Шөменов, қала әкімінің орынбасарлары Ғ.Еркебай, Д.Тұрсынбаев, қала әкімі аппаратының басшысы Ж.Абаатов, төтенше жағдай және құқық қорғау органдары, қалалық дербес бөлімдер мен мекемелердің басшылары, кент және ауылдық округтердің әкімдері, қоғамдық ұйымдар, бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері қатысты.

БЮДЖЕТ АРТЫП КЕЛЕДІ

Сессияда «Қызылорда қаласы әкімінің өзіне жүктелген функциялар мен міндеттерді орындау туралы есебі», «Қызылорда қалалық төтенше жағдайлар басқармасының қала аумағында төтенше жағдайлардың алдын алу бағытында атқарған жұмыстары туралы», «Көмелетке толмағандардың ісі және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссиясының құрамын бекіту» туралы. «Қызылорда қаласы әкімдігінің дербес құрамын келісу», «Әлеуметтік көмек көрсетуінің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жеке-леген санаттарының тізбесін айқындаудың үлгілік қағидаларын бекіту», «Қызылорда қалалық жер комиссиясының құрамын бекіту», «Қызылорда қалалық мәслихатының депутаттарын сайлау жөніндегі округтік сайлау комиссияларының мүшелерін сайлау туралы» және «Аумақтық және учаскелік сайлау комиссияларының мүшелерін сайлау туралы» мәселелер қаралды.



Қызылорда қаласы әкімі Асылбек Шөменов 8 айда атқарған жұмысын баян етті.

Қала әкімінің айтуынша, облыс орталығына ауқымды инвестиция тартылып, тіпекті салаларда серпінді қадам жасалуда. Жыл басында қала бюджеті 52,3 млрд теңгем бекітілген. Жүйелі жоспарлардың нәтижесінде қала тұрғындарының табысын арттыруға 91,4 млрд теңге болып, 175 пайызға артқан. Бас шаһардағы тұрғын үй құрылысын дамытуға, әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылымды жақсартуға бюджеттің барлық деңгейінен 101 млрд теңге бөлінген.

Қалада тұрғын үй құрылысын дамытуға қаржыландырудың барлық көздерінен қаралған 22 млрд 782 млн теңгеге 2 526 пәтерді құрайтын көпқабатты 42 тұрғын үй бой көтеруде. Облыс орталығында іргелі ғимараттар салынууда. Олар, «Неке сарайы», 1000 орындық «Өнер» орталығы, «Облыстық қан орталығы» және «Оқушылар сарайы». Бұл жобаларға облыстық бюджеттен 7 млрд 506,5 млн теңге бөлінді. Ғимараттардың алғашқы легі, яғни «Неке сарайы» осы айда ашылады.

Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес, қалада «Жайлы мектеп» ұлттық жобасымен за-

манауи үлгідегі 8 мектеп салынады. Оның 5-нің құрылысы биыл басталады. Сол жағалаудан 400 орындық физика-математикалық мектеп-интернатының құрылысы жүргізілуде. Білім ошағы 300 орынға лайықталған жатақханамен қамтылады. «Бәйтерек» мәлтеке ауданындағы 600 орындық мектептің құрылысы аяқталды. Жоспар бойынша білім ұясы қазан айында оқушыларды қабылдайды. Тасбоғет кентінде 100 орынға лайықталған дене шынықтыру-сауықтыру кешенінің құрылысы қарқын алды. Әлеуметтік нысан жыл соңына дейін ашылады. Дәл осындай ғимараттың құрылысы келер жылы Қызылжарма ауылынан да басталады.

Сондай-ақ қала, оған қарасты кент және ауылдық округтердегі, шет аймақтардағы жалпы ұзындығы 225,4 шақырым болатын 278 көшеге орташа және күрделі жөндеу, қайта жаңғырту жұмыстары жүргізілуде. Оған қоса, 19 көшеге жаяу жүргіншілер жолдары да салынууда. Айта кету керек, жөнделетін жолдардың 80 пайызы ауылдар мен шет аймақтарға тиесілі.

2 БЕТТЕ

Сыр көгінде әуелеген саз кеші



Нартай Бекежанов атындағы қазақ академиялық музыкалық-драма театры алғаш рет симфониялық оркестрдің концерті өтті. Бұл оркестр аймақ басшысының тікелей қолдауымен Қызылорда облысының 85 жылдығына орай ұйымдастырылып, облыстық филармония жанынан құрылған.

4 БЕТТЕ

СҰХБАТ

Алмасбек ЕСМАХАНОВ,
облыстық қоғамдық даму басқармасының басшысы:
**«ТІЛ БУЫНСЫЗ, БІРАҚ
ҚЫЛЫШТАН ДА ӨТКІР»**

3 БЕТТЕ

МЕРЕЙЛІ ОТБАСЫ

**ЕҢБЕК ЕТКЕНГЕ
БАҚЫТ БАСЫН ИЕДІ**

4 БЕТТЕ

85000 VS 300000

немесе ең төменгі жалақы қанша болуы керек?

Халық қалаушысы есептеп шыққан бір отбасының шығыны туралы ақпаратты біз де мақаламызға сөзбе-сөз қосқанды жөн санадық.

– Сіздердің министрлік ең төменгі айлық 85 мың теңге деді. Сосын қызармай бір министр ол күн көруге жетеді деді. Енді мен сіздерге арифметика көрсетейін. Мысалы, 5 адамнан тұратын отбасы. Әкесі театр қызметкері, инженер. Алатын айлығы 115 мың теңге. Шешесі кітапханашы. Сіздердің жетеді деп отырған 85 мың теңгелігіңізді алады. Бірінші балалары студент. Құдайға шүкір, грантта оқиды. Бұл біздің мемлекеттің беріп отырған игілігі. Екінші баласы мектепте 6 сынып оқушысы, үшінші баласы мемлекеттік балабақшада. Жалпы отбасының табысы айына 200 мың теңге. Енді бір ай көлемінде қажет болатын шығынға азық-түлік, коммуналдық төлемдер, кредит, балабақша және тағы басқаларын нақты келтіріп берейін. Азық-түлікке нан 180 теңгеден 1 айға жок дегенде 5 адам 60 бөлке нан жеді делік. Күніне екі-ақ бөлекден жегенде 10800 теңге, сүт 810 теңгеден 10 литр дейік, ең кемінде 8100 теңге, шай 500 теңгеден 1 қорабы, 5 қорпа алды дейік, ұнның 2,5 келі 1800 теңге, макарон 325 теңгеден 12 келініз 3900 теңге, жұмыртқа 60 теңгеден, 20 жұмыртқа 1200 теңге, гречка 1 келісі 280 теңге, 1 айда 3 келі гречка жегенде 840 теңге, ұн 3700 теңге 10 келісі, май 1 литрінің бағасы 4000 теңге болғанда, бұл күнбағыс майы, сары май жок мұның ішінде, 8000 теңгеден 2 литр майға тамақ істеді дейік, картоп 130 теңгеден 10 келі 1300 теңге, пияз 120 теңгеден 5 келі 600 теңге, тұз 60 теңге, тауық еті 1150 теңгеден 1 келісі, 5 келі ғана жеді дегенде 5750 теңге, күріш 565 теңгеден 5 келі 2825 теңге, коммуналдық төлемдері 2 бөлмелі үйдің қазіргі таңда жок дегенде 27 мың теңгеге барып тұр, ұялы байланыс интернет тарифі – бұл қажетті нәрсе, өйткені мұны жұмыста да, оқуда да талап етеді. 7000 теңгеден 4 адамға 28 мың теңге, жол жүру шығындары – «Онаш» пластик карталарын алу 7200 теңгеден 3 адамға 21600 теңге, тазалық құралдары: сабын 300 теңгеден 5-ін алды дегеннің өзінде 1500 теңге, тіс жуатын паста 470 теңгеден 2-ақ паста алды деп есептедік 940 теңге, кір жуатын ұнтақ – 4 келі 3400 теңге, 2 келілік пачкадан 2 пачка. Кредиттік төлемдері – бұл мемлекеттік бағдарламамен алынған 2 бөлмелі үйдің кредитіне айына 80500 теңге төлейді және оған қосымша баласы сабақ оқыр үшін тұтынушылық кредиттен 25 мың айына төлеп отыр бір компьютер алған, балабақшаға 16500 теңге төлеп отыр. Азық-түлік себеті – 55615 теңге, кредиттік төлемдер – 80500+25000 теңге 105 мың 500, жол жүру шығындары – 21600, коммуналдық төлемдерге – 27000, ұялы байланыс интернет тарифі – 28000 теңге, балабақша – 16500 теңге.

Жалпы шығын сомасы қанша шықты? 254 мың 215 теңге. 54 мың 215 теңгені қайдан алады? Бірінші сұрағым. Енді қараңыз, біздің есепке алмаған шығындарымыз – дәрі-дәрмек, дәрумендер, кім, қанцеляриялық құралдар, ойыншық, демалыс ойын-сауық, үй жиһазы, техника, азық-түліктен – сирт еті, қой еті, жылқы еті дегенді мүлдем жемейді. Жеміс-жидек дегенді мүлдем жемейді, сары май дегенді мүлдем жемейді, балық дегенді мүлдем жемейді, көміт тағы басқасын мүлдем жемейді. Өзге шаруашылық тауарлардан шампунь, сусанды мүлдем қолданбайды, крем тағы басқасын мүлдем қолданбайды делік.

Енді сіздердің министрліктеріңізге үлкен сұрақ. Мұны мен ашық хат қылып министрлеріңізге де әлеуметтік желіде жариялаймын. Қалай есептедіңіздер және осы отбасы қалай күн көреді? – делі депутат.

Басы 1-бетте

Зайытов шай мен майдың бағасынан қателесті-ау, бірі тым арзан, екіншісі тым қымбат. Мүмкін Астанадағы құны сондай болар... Қалай десек те депутат дұрыс мәселе көтеріп отыр. Бұдан бөлек қазақтың ас-құдайысы мен той-томалағы да барын ұмытып кетпейік. Түптеп келгенде бір қазақ отбасының шығыны айына 1 млн теңгенің ол жақ-бұл жағы болады десек, қателесе қоймаспыз.

Журналистер де 300 мың теңге алғысы келеді

Несін жасырамыз, бұқараның базынасын айтқанымызбен, біздің де ахуалымыз мез емес. Кейде әлеуметімізді арттыруға тырысып жатқан ешкім жоқ па деп те қорқамын. Оның үстіне газетке жазылу жағы қиындап барды. «Газетке жазылып не істейміз?», «әлі газетті айтып жүрсіндер ме?» дейтіндер жетіп артылады. Шындап келгенде, тілшілер қауымы басқа саланың талай күйін күйттеді. Бір кісідей мәселесін де көтерді. Мұғалімдер мен дәрігерлердің айлығы аз екенін журналистер қауымы билікке жеткізу үшін мыңдаған мақала жазып, сюжеттер мен арнайы материалдар дайындалды. Жеме-жемге келгенде олардың айлығы өсті де журналистер қауымы сол баяғы «аркалаганы алтын жегені жантақ» болып қала берді. Бұлай айтуға толық негіз бар. Қазір қалалық газеттің тілшісі айына 110 мың теңге алады. Жазған мақаласына қарай 15-20 мың теңге көлемінде алатын қаламақасы тағы бар. 20 мың алды дегеннің өзінде айына 130 мың теңге шығады. Ал бұл қаржыға не келеді? Сонда ол не ішіп, не киеті? Қалай күн көреді? Мұндай айлықпен күн көріп отырған жан несиден несие алып, қарызға батпағанда қайтсін?..

Осы мәселеге байланысты газет тілшісі Гауһар Қожахметовамен пікірлескен едім.

– Менің қолыма алатын жалақыма – 110 мың теңге. Ал қаламақы кейде 12, кейде 14, 20 мың болып өзгеріп тұрады. Қымбатшылық екі бүйірден қысқанда қиналып кетесін. Қазір тек ақшамызды азық-түлікке, коммуналдық шығынға жұмсаймыз. Баға күннен-күнге көтеріліп жатыр. Арасында науқастанып қалсақ, дәрі-дәрмек те қымбат. Күнделікті тұтынатын иіс сабын, шампуньнің бағасы бірнеше есе өскен. Жалақымызды аламыз да жартысын қарызға береміз. Қалғанын жолшұла әрең алып қаламыз. Түскі асты асханадан қарызға алып жүрміз. Жалақы алғанда оны төлейміз де келесі айлыққа дейін тағы асхананы жағалаймыз. Түскі үзілісте үйге барсақ жолаушылар көлігі де қымбаттап кеткен. Менің күйеуім 2-ші топ мүгедегі. Дәрігерлер диета ұста деген. Қант диабеті ауруы бар. Оған ұқсат өткен жемістер қураға да, алма да базарда ұшып тұр. Айлық, зейнетақы азғана көбейсе, айқайлағып тұтынатын иіс сабын, шампуньнің бағасы бірнеше есе өседі. Оларды ешкімнің тексеруге құқы жоқ. Себебі кәсіпкерді тексеру мөрапорын жарияланған. Сонда мардымсыз жалақыға байланған қарапайым халық қалай өмір сүреді? Жалғыз мен ғана емес, төңірегімдегі араластан қарапайым адамдардан да осы қымбатшылықтың қысып жатқанын естимін. Енді тәрбиешілердің, кітапханашылардың айлығын көбейтеміз деп жатыр. Ал олардың қазіргі жалақысы бізден жоғары. Біз газетке мақала жазу үшін күніне бернеше адаммен тілдесуге, кездесуге, басқа да жиналыстар мен шараларға баруға тура келеді. Ондай жерлерге жолаушылар көлігімен барамыз. Бір күнде бірнеше жиналысқа баруымыз керек болады. Оған кейде қарызданып қаламыз.

Әзіз ЖҰМАДІЛДӘУЛЫ

«Тарифті инвестицияға айырбастау»: бағдарлама қалай жүзеге асуда?

БАСПАСӨЗ ТУРЫ

Апта басында Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Қызылорда облысы бойынша департаментінің ұйымдастыруымен «Қызылорда су жүйесі» МКК жаңғыртылған және қайта қалпына келтірілген нысандарына баспасөз туры өткізді. Оған облыстық және қалалық мәслихат депутаттары қатысты.

Шараның басты мақсаты – Мемлекет басшысы айтқандай, «Тарифті инвестицияға айырбастау» бағдарламасы аясында жүргізілетін жұмыстарды бұқаралық ақпарат құралдары арқылы тұрғындарға кеңінен таныстыру. Алдымен табиғи монополиялар субъектілеріне инвестиция тартып, жөндеу жұмыстарының көлемін ұлғайту есебінен электр, жылу және сумен жабдықтау желілердің тозуын 15-20 пайызға төмендету. «Тарифті инвестицияға айырбастау» бағдарламасы аясында «Қызылорда су жүйесі» МКК 2023 жылға арналған инвестициялық бағдарламаға сумен жабдықтау қызметі бойынша тозу дәрежесін 18-ден – 16,22 пайызға дейін түсіру, ал сарқынды суды бұру қызметін 19-18,90 пайызға төмендету үшін ауыз су және көріз құбырлары ауыстырылууда.

Былтыр инвестициялық бағдарлама бойынша кәсіпорын өз қаражаты есебінен сумен жабдықтау және су бұрудың 19 нысанына күрделі жөндеу жүргізген. Оған қанша қаражаттың игеріліп, үнемделгенін әрі жаңа инвестициялық бағдарлама аясында атқарылатын жұмыстар барысын Қазақстан Республикасы ұлттық экономика министрлігі табиғи монополияларды реттеу комитетінің Қызылорда облысы бойынша департаментінің басшысы Айбек Егембергенов айтты.



– Қызылорда облысының энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы басқармасымен келісіп департаменттің бұйрығымен «Қызылорда су жүйесі» МКК-на 2020-2024 жылдарға яғни ұзақ мерзімге инвестициялық бағдарлама бекітілген. Оның жалпы сомасы - 995 696,346 мың теңгені құрайды. Өткен жылы бекітілген 131 млн теңге қаражатқа орындалған жұмыстарды бақылады. Оның 105 082,76 мың теңге қаражаты игеріліп, қалған 26 677,64 мың теңге қаражатқа мемлекеттік сатып алу конкурсы бойынша үнемделген. Ал биылғы жылға өз қаражаты есебінен 44 млн теңгеге жаңа инвестициялық бағдарлама қарастырылған. Одан бөлек «Тарифті инвестицияға айырбастау» бойынша жаңа тарифтік бағдарламасы қолға алынды. Осыған сәйкес 2023 жылға мемлекеттік бюджеттен 695 223,22 мың теңгеге инвестициялық бағдарлама қайта бекітілді. Жалпы өз қаражаты есебінен яғни 20 041,73 мың теңгеге сумен жабдықтау қызметі бойынша, техникалық қайта жарақтандыруға 19 бірлік ұнғымалардың насос қондырғылары сатып алынып, орнатылған. Осы бағдарлама аясында 6-7 жылдың ішінде барлық коммуналдық желілердің тозу деңгейін 15-20 пайыз аралығында төмендету көзделіп отыр, – дейді Айбек Егембергенов.

Жалпы сумен жабдықтау жүйесі 19,44-18 пайызға дейін төмендесе, көріз су жүйелерінің тозуы 19,56-19 пайыз, ал нормативтік ысыраптар көрсеткіші 17,19 -16,93 пайыз төмендеген. Сондай-ақ авариялық апаттар саны 85 бірлікке азайғанын жеткізді. Мемлекет басшысының Жолдауында айтылғандай су ресурсы – өзекті мәселенің біріне айналды. Әсіресе өңірде жыл өткен сайын су тапшылығы сезіліп келеді. Соның алдын алып, халыққа сапалы және қолжетімді болуы үшін қандай шара жасалатынын Қызылорда облыстық мәслихат депутаты Әмірбек Бердібекұлы айтып берді.

– Су тіршілік көзі екені бәрімізге белгілі. Жылдан жылға дүниежүзілік судың тапшылығы сезілуде. Бұл Қазақстандағы ауыз су ғана емес, ағанды суға да байланысты, яғни аяқсу. Қазіргі таңда суды үнемді пайдалану үшін облыстық және қалалық мәслихат депутаттары, қоғамдық кеңес мүшелері және тұрғындар бірлесіп отырып, судың мәселесін толық шешуіміз керек. Жаз мезгілінде қалада тұтынушыларына 80-100 мың текше метрге дейін сапалы су жеткізіліп отыр. Өкінішке қарай су тапшылығынан Сырдария өзенінің деңгейі өте төмен. Себебі тұрғындар жазда бау-бақшасына жасыл желек гүл егіп суарса, ал кәсіпкерлер жеке техникалық мақсатта ауызсуды көп пайдаланады. Тіпті қопкабатты үйлерге де су деңгейі көтерілмейді. Су шаруашылығы мамандары айтқандай, Қазақстандағы 80-100 мың текше метр судың 50 пайызы ауыз суға пайдаланылады, ал 47 пайызы басқа мақсатта қолданылууда. Сол себепті су шығыны көп, – дейді Қызылорда облыстық мәслихат депутаты Әмірбек Бердібекұлы.

Бүгінде су мәселесінің төлемі өзекті болып тұр. Себебі жеке тұлғалар уақытылы төлем жасамайтын көрінеді. Сол үшін төлемді тікелей мекемениң есебіне түсетіндей ету қарастырылууда. Одан бөлек әр тұтынушының ысырап жасауына жол бермей, «судыңды сұрауы бар» екенін білдіру керек. Қазіргі таңда халық 1000 литр суға 39 теңге төлеп отыр. Сондықтан тарифтерді қайта қарау мәселесін жүргізу керектігін жеткізді.

Одан бөлек аймақтағы Универсам және Шымбай ауданындағы шамамен 8,03 шақырымға ауыз сумен жабдықтау жүйелерін қайта жаңғырту жұмыстары қаралған. Оған республикалық және қалалық бюджеттен 650 860, 67 мың теңге бекітілген.

Аталған жоба бойынша бюджеттен 304448,64 мың теңге қаражат бөлінген. Бүгінде оның 190000 мың теңгесі игеріліп, тиісті жұмыстар атқарылууда.

Осы 10 жобаның ішінде, 4 жоба бойынша ауыз су құбырларын қайта жаңғырту жұмыстары жүргізілуде. Ал сарқынды суды бұру қызметі бойынша кәсіпорынның өз қаражаты есебінен 3 нысанға күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілуде. Оған 24320,82 мың теңге қаражат бөлінген.

Барлық жаңалау, қолдау, техникалық қайта жарақтандыру мақсатында жүргізілген жұмыстар кәсіпорынның тұрақты жұмыс атқаруына сеп болып, көрсететін қызметінің сапасын арттырады. **Нәзіра МҰҚАТАЕВА**

БЮДЖЕТ АРТЫП КЕЛЕДІ

«Бәйтерек» тұрғын ауданына «Қызылжарма» арнасы арқылы өтетін автомобиль көпірінің құрылыс жұмысы аяқталып, алдағы айда пайдалануға беріледі. Ал Ф.Муратбаев және А.Яссауи көшелерінің қиылысындағы темір жол арқылы өтетін жаау жүргіншілерге арналған көпір құрылысы бекітілген кестеге сәйкес жүреду.

Түзгілік жеткен электр желілерін ауыстыру мақсатында республикалық бюджеттен қаржы бөлініп, 136,2 шақырымды құрайтын жаңа электр желісі тартылды. Ауа-райының қолайсыз уақытында электр қуаты ажырап қалмас үшін қаладағы және ауылдағы, шет аймақтағы электр желісі мен ескі қосалқы шиналар жаңартылды, – делі қала әкімі.

Сессия барысында қала әкімінің есебіне байланысты қалалық мәслихаттың коммуналдық-шаруашылық және қала инфрақұрылымы мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясының төрағасы Ділмұхамед Абизов қосымша хабарлама жасап, қалада атқарылып жатқан маңызды жұмыстарды атап өтіп, қаладағы өзекті мәселелер бойынша ұсынысын жеткізді.



Атап айтқанда, Д.Абизов: «Жылдан жылға халықтың саны мен қаламыздың көлемі артып, заман дамыған сайын тұрғындардың талап-тілегі, сұранысы қатар өсуде. Бұл ретте қала бойынша шешімін таппаған жер және үй кезегі, ауыз су, аяқ су, жарық, жол мәселелеріне қатысты өзекті мәселелер бар.

Өзекті мәселенің бірі – ауыз су сапасы және қаланы аяқ сумен қамтамасыз ету, көгалдандыру саласындағы жұмыстың сын көтермейтіндігі. Сондықтан алдағы уақытта көгалдандыру жұмысын өз дәрежесінде жүргізу мақсатында қалаға қарасты коммуналдық мекеме құру мүмкіндігін қарастыру керек деген ұсынысын жеткізді.

Мұнан соң Қызылорда қалалық төтенше жағдайлар басқармасының басшысы Жасұлдан Түйменов төтенше жағдайдың алдын алу бағытындағы атқарған жұмыстарын баяндады.

Басқарма басшысының айтуынша, 2023 жылдың 8 айында қала аумағында 138 өрт оқиғасы орын алған. Білім беру, денсаулық сақтау және басқа да мемлекеттік мекемелерде өрт қауіпсіздігінің алдын алу тақырыбында 59 сабақ өткізілген. Қызылорда облысы Төтенше жағдайлар департаментінің «Өрт сөндіру және авариялық-құтқару жұмыстары қызметі» мемлекеттік мекемесі қала аумағында орналасқан өртке қарсы су көздерінің техникалық жағдайына маусымдық тексеру барысында 1477 өрт гидрантының 283-інің жарамсыз екендігін анықтаған.

– Қызылорда қаласындағы су айдындарында жыл басынан 4 адамның суға кету жағдайы тіркеліп, 1 жасөспірім қаза болды. Қайғылы оқиғаның негізгі себебі қауіпсіздік ережесін сақтамаудан болып отыр.

Басы 1-бетте



Сондықтан қандай қауіп-қатерге де сақай сай болу үшін ірі көлемді төтенше жағдай орын алған кезде қала тұрғындарына дабыл беретін орталықтандырылған құлақтандыру жүйесін көбейту, коммуналдық меншіктегі қалалық жағажай ашу, өрт гидрантарының қалыпты жұмыс жасауын ұйымдастыру керек. Сонымен қатар мамандандырылған өрт сөндіру бөлімінің, жедел құтқару жасағының материалдық-техникалық базасын нығайту, жеке тұрғын үйлердің жылыту пешін пайдалану кезінде өрт қауіпсіздігін сақтауда автономды көміртегі тотығы датчигі құрылысын орнатудың тиімділігі туралы халыққа түсіндірме шарасын жүргізу маңызды.

Төтенше жағдайдың алдын алуда ерікті жасақ мүшелерін маусымдық ақылы жұмысқа тарту және оларды арнайы оқу жаттығудан өткізу күн тәртібіне қойылып отыр, – делі ол.

Мұнан соң төтенше жағдайдың алдын-алу мен төтенше жағдай кезінде әрекет ету мәселесіне қатысты қалалық мәслихаттың әлеуметтік сала және қоғамдық қауіпсіздік мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясының мүшесі Раушан Ысқақова қосымша хабарлама жасап, депутаттық корпус тарапынан ұсыныстарды жеткізді.

Атап айтқанда, құзырлы органдар ірі көлемді төтенше жағдай орын алған кезде қала тұрғындарына дабыл беретін орталықтандырылған құлақтандыру жүйесін көбейту жайы, латын әліпбиінің мемлекеттік дәрежеде қабылданбағандығын және тұрғындардың әлі де болса бұл әліфавитті толық меңгермегендігін ескере отырып, «112» шұғыл нөмірін таратылатын хабарламаны жалғая бірдей түсінікті әліфавитке жазып таратуды ұйымдастыру, төтенше жағдайға қатысты өзге де өзекті мәселелерді жеткізді.

Күн тәртібіндегі өзге де мәселелерге байланысты қала әкімінің орынбасары Д.Тұрсынбаев, қала әкімі аппаратының басшысы Ж.Абағов, қалалық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің басшысы К.Құрақбаева, қалалық ауыл шаруашылығы мен жер қатынастары бөлімі басшысының міндетін атқарушы М.Әубібеков хабарлама жасап, депутаттардың сұалдарына жауап берді.

Берілген ұсыныстар қалалық мәслихат шешіміне енгізіліп, тиісті органдар назарына ұсынылатын болады.

Гауһар ҚОЖАХМЕТОВА
Суреттерді түсірген И.НУРЖАУБАЙ

Кандидатурасын кері қайтару туралы қалалық сайлау комиссиясының ХАБАРЫ

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 қыркүйектегі Конституциялық заңының 113-6-бабының 1-тармағына сәйкес, 2023 жылғы 17 қыркүйекте тағайындалған Қызылорда ауылдық округінің әкімін сайлауда өз өтініші негізінде кандидатурасы кері қайтарылды:

Қожабеков Рустембек Айтжанбекович – 2023 жылғы 16 тамызда өзін-өзі ұсынған, 1968 жылы туылған, қазақ, Қызылорда қаласы Қызылжарма ауылдық округі әкімі аппаратының «Қызылжарма мәдениет үйі» ҚМКҚ директоры, Қызылорда қаласы, Қызылжарма ауылдық округінде тұрады.

Қызылорда қалалық сайлау комиссиясы

СҰХБАТ

Мемлекеттік тілдің жай-күйі жүрегі қазақтың деп соғатын әрбірмізді толғандырады. Оның келешегі қалай болмақ? Қайтсе қолданылу аясы кеңейеді? Қазақ тілі үшін мемлекет не істеп жатыр? Аймақтарда нендей шаруалар атқарылууда? Міне, осы сұрақтардың жауабын білу мақсатымен облыстық қоғамдық даму басқармасының басшысы Алмасбек Есмахановпен сұхбаттасқан едік.



– Алмасбек Әбілқасымұлы, алдымен сұхбат беруге келісіп, уақыт тапқаныңыз үшін алғыс айтамыз. Мемлекеттік тіл десе жанарында оты бар, аузында айтар даты бар, сөзінде сөнбес хаты бар жалын жүректі әрбір қазақ елен ете қалады. Қазақтай ұлттың айналасында бірнеше жүздеген диаспора топтасқан, бірлігі тірлігіне сен болған, ынтымақты дүйім жұртқа ұран еткен мемлекетімізде тіл саясаты қалай жүргізіліп жатыр?

– Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлттық құрылтайдың I-отырысында: «Ана тілімізге деген құрмет арқан жоғары болуы тиіс», – деген болатын. Тіл саясаты – ұлттық саясаттың негізгі бағытының бірі. Қазіргі таңда жүзеге асырылып жатқан тіл саясатын іске асырудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының басты мақсаты – қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретіндегі толыққанды қызметін қамтамасыз ету, тіл мәдениетін одан әрі арттыру және тілдік капиталды дамыту. Өзіңіз де білесіз, елімізде мемлекеттік тілді дамыту бағытында көптеген шара атқарылып жатыр. Әрбір аймақта атқарылып жатқан жұмыстың бәрине бірдей тоқталу мүмкін емес. Дегенмен «Емле.kz», «Құжат.kz», «Сөздікқор.kz», «Терминқор.kz», «Атау.kz», «Тілмедиа», «Бала тілі», «Тілқұрал» сынды сайттардың жұмыс істеп жатқанын айта кету керек. Сонымен қатар Kaspi.kz, Kfisha.kz, Kolesa.kz, InDrive сияқты мобильді қосымшалардың интерфейсіне мемлекеттік тіл енгізілді. Биылғы жылдың соңына айынан бастап Қазақстандағы ең танымал іздеу жүйелерінің бірі 2GIS (Ту ГИС) карталар мен ұйымдар туралы деректерді мемлекеттік тілде ұсына бастады. Мұнымен қоса «APPLE» компаниясы қазақ тілін iOS-тың тілдер жүйесіне қосты. Әлемнің 40 тілінде тарайтын «NICKELODEON» телеарнасының өзі қазақша көрсетіле бастағанын да атап өткен жөн. Жастардың бастамасымен «NATIONAL GEOGRAPHIC» журналы бірнеше жылдан бері ана тілімізде жарық көруде. Бұдан бөлек түрлі телевизиялық бағдарламалар, газет-журналдарға арнайы айдарлармен шығып жатқан танымдық-сараптамалық мақалалар сөзімізге дәлел бола алады. Бір ғана «Балапан» арнасының өзі бүлдіршіндеріміздің танымын кеңейтуге, ана тілінде ойлауға септігін тигізуде десек, артық айтқандық емес. Мен сізге бір қызықты айтайын. «Балапан» арнасы Қырғыз елінде де көрсетіледі екен. Көрші елдің депутаттары «Балапанды» көрген балаларының қазақ тілінде сөйлейтінін айтып, мінберден

мәселе көтерген болатын. Бұл нені білдіреді? Қазақстандағы мемлекеттік тілдер саясатының дұрыс жүргізіліп жатқаныңыз айғағы емес пе?!

Тіл мәселесі газеттерде де жиі көтеріледі. Мәселен, республикалық «Егемен Қазақстан» газетіне «Ана тілінен жеріген ата-ана орыс

Алмасбек ЕСМАХАНОВ,
облыстық қоғамдық даму басқармасының басшысы:

«ТІЛ БУЫНСЫЗ, БІРАҚ ҚЫЛЫШТАН ДА ӨТКІР»

сыныбын көбейтіп отыр», «Қызылжар қазақтары балаларын неге ана тілінде оқытқысы келмейді?», «Ана тілі – арым дейтін жастар көп» сынды мақалалар жарияланды. Алдыңғы екі мақала биыл, ал үшіншісі 2020 жылы жарық көрген. Тілге байланысты шыққан дүниелерді жібермей оқып отыруға тырысамын. Журналистер қауымы тігісін жатқызып, талай мәселені көтеріп жатыр ғой. Олардың әрбір мақаласынан тілдің буынсыз болғанымен қылыштан да өткір екенін түсініп келеміз.

Жуырда «Ана тілі» газетіне «Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының президенті Рауан Кенжеханұлының «Біздің арман – бір тілде сөйлейтін елге айналу» деген мақаласы жарияланды. Ұмытпасам 5 қыркүйек болуы керек. Сол мақалада: «Қазақ тілі дегенде Мемлекет басшысынан бастап қарапайым азаматтардың қай-қайсысының да жеке пікірі, ұстанымы бар. Тілге бей-жай қарайтын адам жоқ. Ана тілі – ең қасиетті де қастерлі ұғым, Тәуелсіздікпен тең тұратын ең асыл құндылық. Қазақша сөйлейтін, қазақша ойлайтын, қазақша түс көретін орта үшін қазақ тілі теңдесіз қастерлі дүние. Тілсіз бізге өмір жоқ», – деген жолдар бар. Мен де осы пікірдегі адаммын. Азаматтық көзқарасым да «тіл бар жерде өмір бар, тіл жоқ жерде өмір жоқ» деген қағидаға саяды.

– Мемлекеттік тіл саясатын жүзеге асыру үшін облыста не істеліп жатыр?

– Мемлекеттік тіл саясатын жүзеге асыруға биыл облыстық бюджеттен 19 млн теңге бөлініп, бүгінгі таңда үш әлеуметтік жоба

іске асырылууда. Атап айтқанда, «Аймақта мемлекеттік тіл саясатын іске асыру», «Қоғамдық тамақтану орындарындағы ас мәзірінің лингвистикалық базасын қалыптастыру» және кәсіпкерлік нысандардың көрнекі ақпараттарында «Тіл туралы» Заңның және тілдік нормалардың сақталуын қамтамасыз ету бағытында «Komeki» әлеуметтік жобалары іске асырылууда.

Ас мәзірі жобасы аясында Сыр өңірінен бастап алған ас мәзірлерінің мемлекеттік тілдегі атауларының жинағын әзірлеуде Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің ғалымдары Қызылорда қаласындағы қоғамдық тамақтану орындарында, Астана қаласындағы Ұлттық академиялық кітапханасында, Алматы қаласындағы Төреғелді Шарманов атындағы Тағам мәселелері институтында болып, тағам атауларына ғылыми зерттеу жұмыстарын жүргізді. Бүгінде зерттеу жұмыстарының қорытындысымен ет, сүт, теңіз өнімдерінен, ұн, дәнді дақыл, тағы басқаларынан дайындалатын тағам атауларының анықтамалығы әзірленіп, жинақталуда.

– Бұл қандай жинақ? Республикалық терминология комиссиясына ұсынылды ма? Анықтамалығы кім пайдаланады?

– Бұл өзі бір ерекше еңбек болғалы тұр. 18 бағыт бойынша әзірленген жинақ республикалық терминология комиссиясында арнайы қаралып, бекітілгеннен кейін еліміздің барлық кәсіпкерлеріне қолжетімді әлеуметтік желілер мен интернет ресурстар арқылы таратылады. Сондай-ақ бүгінге дейін осы жоба аясында облыс ортағындағы 20 тамақтану орнының ас мәзірі мемлекеттік тілге аударылғанын ерекше атап өткен жөн.

– Сөз арасында «Komeki» жобасы жайлы айтып қалдыңыз. Бұл нендей жоба және қандай пайдасы бар?

– Бұл ең керекті жобаның бірі дер едім. «Komeki» жобасы аясында Қызылорда қаласының орталығындағы 30 көшенің бойында орналасқан кәсіпкерлік нысандардың көрнекі ақпараттарына мониторинг жұмыстары жүргізілуде. Жоба аясында «Komeki» телеграм бот іске қосылып, сілтемесі 100 мыңнан астам жазылушысы бар 5 әлеуметтік желіде жарнама посты жарияланды.

Бүгінде аталған жоба аясында 515 кәсіпкерлік нысанға зерделеу жұмыстары жүргізіліп, 142 кемшілік анықталды. Зерделеу нәтижесімен көрнекі ақпараттарында тіл туралы заңнамалардың бұзылуы анықталған кәсіпкерлік нысан иелеріне түсіндіру жұмыстары жүргізіліп, оларға анықталған кемшілікті жою туралы хатпен бірге «Тіл туралы» Заңының және ҚР «Әкімшілік құқық

бұзушылық туралы» Кодексінен үзінділер келтірілген әдістемеліктер таратылды. Жоба аясында 124 кәсіпкерлік нысанның жарнамасы мемлекеттік тілге аударылды. Міне, бұл жобаның осындай пайдасы бар.

– Аймақта тілдерді оқыту орталығы бар екенін жақсы білеміз. Осы орталықтың жұмысына тоқталсаңыз...

– Облыстық тілдерді оқыту орталығы арқылы жыл сайын 1000-нан аса адам мемлекеттік тілді тегін оқыту курстарынан өтуде. Тіл орталығының тіл үйретудегі «Тыңда! Түсін! Тіл үйрен!» және «Сөйлеу мәдениеті» атты әдістемелері республикалық деңгейде үздік деп танылып, қолданысқа енгізілді.

Мемлекеттік тілдің мәртебесін көтерумен қатар ұлттық болмысты жандандыру, жас ұрпаққа халқымыздың қанына сіңген құндылықтарын дәріптеу және қоғамдағы өзекті мәселелерді көтеру мен ақпараттандыру мақсатында әлеуметтік желіде «Дәстүрім – дінгігім», «Қазақтың ым-шарат мәдениеті», «Сөздер сөйлейді», «Оқуға ұсынамыз», «Сөзтүзер», «Ұлылар ұлағаты», «КИНО TIME» ақпараттық айдарлары тұрақты жүргізіліп келеді.

Сонымен қатар жастардың қазақ тіліне деген сүйіспеншілігін арттыруға бастайтын

қамтамасыз ету жөнінде түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

Былтыр «Мемлекеттік тіл саясатының өзекті мәселелері» тақырыбында өткен пленарлық мәжілісте тіл жанаһырларының ұсыныстары негізінде «Мемлекеттік тілдің қолданыс аясын кеңейту және «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Заң таллаптарының сақталуын қамтамасыз ету бойынша облыс әкімі іс-шаралар жоспарын бекітті.

Жоспар барлық облыстық басқармалар мен департаменттерге, қала және аудан әкімдіктеріне жолданып, онда салаға қарасты ұйымдарда мемлекеттік тілдің қолданыс аясын кеңейту, «Тіл туралы» Заңға енгізілген өзгерістерді түсіндіру жұмыстарын жүргізу қарастырылған.

Аталған жоспарға сәйкес бірқатар жұмыстар атқарылды.

Кәсіпкерлер арасында «Қазақ тілді кәсіпкер» атты 40 сағаттық қысқа мерзімді курстар өткізіліп, кәсіпкерлерге 83 қызмет түрін көрсетіп отырған «Бизнеске арналған үкімет» мекемесінде және Кәсіпкерлік палатасының алаңында семинарлар ұйымдастырылды.

Нотариустар арасында түсіндіру жұмыстары жүргізіліп, әдістемелік көмектер көрсетілді.

«Маржан сөз» интеллектуалдық телеойыны мен мемлекеттік тілді насихаттау бағытындағы «Тілтаным» телебағдарламасы облыстық «Qyzylorda» телеарнасынан көрсетілуде.

Тіл орталығының мамандары Ахмет Байтұрсынұлы атындағы дәстүрлі республикалық байқауда екі жыл қатарынан бас жүлдені иеленіп, облыстың мерейін арттырды.

– Несін жасырамыз, журналист болған соң «ел не дейді екен?» деп елден жүреміз. Кейбір нотариустардың құжаттары әлі де орыс тілінде дегенді естігенім бар еді. Осыны толық қазақшалаңдыруға болмай ма?

– Сұрағыңыз орынды. Нотариустар бөлек қаржы, құрылыс, тұрғын үй коммуналдық шаруашылығы салаларында мемлекеттік тілдің қолданылуы бойынша бірқатар кемшіліктер бар екенін атап өткен жөн. Мәселен, тұрғындар жеке нотариустардан атқарушылық жазбаларды бір ғана орыс тілінде алатындығын жазып, заң талаптарын бұзып отырған нотариустарға шара қолдануды сұрап шағымдануда. Себебін зерттей келе, нотариустарға және жеке сот орындаушыларына банктер мен шағын қаржылық ұйымдардан «азаматтардың қайтармаған несиелерін өндіріп беру туралы» сұраныс хаттары орыс тілінде келіп түсетіні анықталды. Бұл мәселе Қызылорда облыстық сотында «Қазақ тілін сот саласында қолдану аясын кеңейту жолдары» тақырыбында өткен доңгелек үстелде де сөз болды. Осыған сәйкес басқарма тарапынан 28 қаржылық ұйымға «Тіл туралы» Заң талаптарының сақталуын

«Қазақ тілі» қоғамының облыстық филиалымен бірлесіп, кәсіпкерлік нысандардың көрнекі ақпараттарында тіл заңнамаларының сақталуын қамтамасыз ету және қалайшылық қоғамдық көліктерде аялдама атауларының мемлекеттік тілде айтылуы, ұлттық нақыштағы әндер мен күйлердің берілуі, ішкі көрнекі ақпараттарының талапқа сай болуын қадағалау мақсатында рейдтер ұйымдастырылды.

Салық төлеушілердің бақылау-қасса машиналарын да мемлекеттік тілді пайдалану мақсатында өзара ынтымақтастық пен әріптестік туралы үш жақты (басқарма, салық департаменті және технологиялар орталығы арасында) меморандумға қол қойылды.

Ата-аналарға балаларын қазақ мектептеріне, қазақ балабақшаларына беруін насихаттау мақсатында спикерлердің қатысуымен жергілікті телеарнаның «Тілтаным» бағдарламасы арқылы көпшілік назарына ұсынылды.

Жоспар аясында мемлекеттік тілді дамыту бағытында белсенділік танытып жүрген және облыс тұрғындарына қазақ тілінде сапалы қызмет көрсетіп отырған тіл үздіктері «Үздік қазақтілді кәсіпкерлік нысан», «Үздік қазақтілді қаржылық ұйым», «Үздік қазақтілді ас мәзірі», «Үздік қазақтілді кәсіпкер», «Үздік қазақтілді нотариус» аталымдармен марапатталды.

– Риясыз әңгімеңізге рақмет!

Сұхбатты жүргізген
Әзіз ЖҰМАДІЛДӘУЛЫ

ДӨҢГЕЛЕК ҮСТЕЛ

«ҚАЗАҚ ТІЛІ» ҚОҒАМЫ ТЕРМИНОКММЕН ТЫҒЫЗ ЖҰМЫС ІСТЕУІ КЕРЕК

Осы аптада облыс әкімдігінде ана тіліміздің бүгінгі мен ертеңіне арналған, мемлекеттік тілдің қолданыс аясын саралаған, «қайтсе қазақ тілін дамытамыз?» деген сұраққа жауап іздеген жиын өтті. Тіл жанаһырларын дөңгелек үстелге жинаған отырысқа халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының президенті Рауан Кенжеханұлы қатысты.

Жиынды облыс әкімі аппаратының басшысы Шахмардан Байманов ашып, жүргізіп отырды. Ол шілде айында өткізілген халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының кезектен тыс құрылтайында қоғам президенті болып сайланған Рауан Кенжеханұлын жана қызметімен құттықтап, жұмысына сәттілік тіледі. Аппарат басшысы өз сөзінде өңір тұрғындары үшін қазақ тілін оқып-үйренуге барлық жағдайдың жасалғанын, аймақтағы балабақшалардың 93,5%-ы, мектептердің 90%-ы мемлекеттік тілде жұмыс істейтінін айтып өтті.

Келелі кеңесте Рауан Кенжеханұлы отыз жылдық тарихы бар «Қазақ тілі» қоғамының елімізде 135 өкілдігі барын атап өтті.

– Мемлекеттік тіл – тәуелсіздікпен тең ұғым. 90-жылдары жанданған тіл қоғамының жұмысы соңғы он жыл көлемінде әлсіреп қалғандай әсер етеді. Қазір жасыратыны жоқ, гаджетке сүйеніп кеткен жастар қазақша еркін сөйлеп, сауатты жаза алмайтын халге жетті. Мұны өрине, білім беру саласына қатысты сөз десек те, ол тіл мәселесіне келіп тіреледі. Халықаралық ұйымдардың сараптауына, бүгінде адамдардың 64%-ы өз тілінде оқып, түсініп, сол мазмұнды қайта айтып бере алмайды екен. Мұның басты



себептерінің бірі балалармен бетпе-бет келетін ақпараттық орта үлкен өзгеріске ұшыраған. Осы қиындықтардан қалай шығуға болады? – деген халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының президенті бала көретін мультфильмнен бастап, ақпарат та, кино да, өзара байланыс та смартфонға сыйып тұрғанын сөз етті. Оның сөзінше, ұялы телефондағы қызмет қосымшалары түгел қазақшалануы тиіс.

– Бірақ осымен мәселе шешіле ме? Біз қандай мәселелерді қолға алуымыз керек? «Қазақтың тілі – қазақтың жаны. Біз мемлекеттік тілдің мәртебесін көтеру бағытындағы жұмыстарды үздіксіз жалғастыра береміз», – деген болатын ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев. Осы орайда қоғам ретінде мемлекет саясатына қандай игі ықпал жасай аламыз? Бүгін сіздермен осындай мәселелер төңірегінде пікірлесуге келдім, – деген Р.Кенжеханұлы сарапшының мақсатын да мәлім етті.

Жиында облыстық қоғамдық даму басқармасының басшысы Алмасбек Есмаханов тіл саясатына байланысты аймақта атқарылып жатқан жұмыстарға тоқталды.

– Мемлекеттік тіл саясатын жүзеге асыруға биыл облыстық бюджеттен 19 млн теңге бөлініп, бүгінгі таңда үш әлеуметтік жоба іске асырылууда. Атап айтқанда, «Аймақта мемлекеттік тіл саясатын іске асыру», «Қоғамдық тамақтану орындарындағы ас мәзірінің лингвистикалық базасын қалыптастыру» және кәсіпкерлік нысандардың көрнекі ақпараттарында «Тіл туралы» Заңның және тілдік нормалардың сақталуын қамтамасыз ету бағытында «Komeki» әлеуметтік жобалары іске асырылууда, – делі басқарма басшысы.

А.Есмахановтың сөзіне сүйенсек, ас мәзірлерінің мемлекеттік тілдегі атауларының жинағын әзірлеу үшін Қорқыт ата университетінің ғалымдары Қызылорда қаласындағы қоғамдық тамақтану орындарында, Астана қаласындағы Ұлттық академиялық кітапханада, Алматы қаласындағы Төреғелді Шарманов атындағы Тағам мәселелері институтында болып, тағам атауларына ғылыми зерттеу жүргізілген. Бүгінде зерттеу жұмыстарының қорытындысымен ет, сүт, теңіз өнімдерінен, ұн,

дәнді дақыл, тағы басқаларынан дайындалатын тағам атауларының анықтамалығы әзірленіп, жинақталып жатқан көрінеді.

Өз кезегінде сөз алған «Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамы облыстық филиалының төрағасы Сәдуақас Ансат атқарылып жатқан жұмыстарды баяндады.

Қорқыт ата университетінің профессоры Қазыбай Құдайбергенов тілдің даму динамикасының – отбасы, балабақша, білім беру мекемесі екенін мысалдап, жеке бала бақшалардың жұмысына бақылау жасалуы керектігін айтса, университет оқытушысы, филология ғылымдарының кандидаты Алдажар Әбілов «Қазақ тілі» қоғамы терминкоммен тығыз байланыста жұмыс жасауы керектігін назарға салды. Сонымен бірге филология ғылымдарының кандидаты Болат Боранбай, ардагер ұстаз Ж.Егізбаев, қаламгер Ұзақ Бегімбаев, еңбек ардагері Айтбай Кошербаев пікір айтып, ұсыныстарын білдірді.

А.АҚЫЛБЕК



Сыр көгінде әуелеген саз кеші

Оркестр құрамына ішекті, үрмелі және ұрмалы аспаптардың құлағында ойнайтын 30 кәсіби маманды қабылдап, бүгінде 50-ден аса маман жасасқалған. Онер ұжымының көркемдік жетекшісі әрі бас дирижері – Қазақстанның Еңбек сіңірген қайраткері, профессор Мүсілім Әмзе.

Облыс әкімі аппаратының басшысы Шахмардан Байманов театрда өткен концертке қатысып, өнер ұжымына аймақ басшысының құттықтауын жеткізумен қатар ықылас гүлін табыстап, сәттілік тіледі. Сондай-ақ аймақта мәдениет саласында биыл қолға алынған жаңа жобалар мен жаңалықтарға тоқталды.

– Саланы дамытуға үлес қосқан өнер және әдебиет өкілдеріне арнайы облыс әкімінің «Тұран» сыйлығы табысталды. Биылдан бастап облыстың мәдениет саласындағы 10 маман шетелдерде біліктілігін арттырады. Мүмкіндігі шектеулі өнерпаздарымыздың шығармашылығын шыңдауға арналған инклюзивті театр іске қосылып, бұған дейін Қызылорда қаласы әкімдігі жанында үйірме ретінде жұмыс жасап келген «Жастар театры» өз алдына кәсіби ұжым ретінде қайта құрылды, – деді аппарат басшысы.

Өңірдің мәдени-рухани дамуына аймақтағы кәсіпкерлер мен меценаттар өз үлестерін қосуда. Нақтырақ айтсақ 1,5 млрд теңгеге салынған «Анаға тағзым» орталығы жақын күндері ел игілігіне берілмек. Ал Республикалық маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіші саналатын Хорасан ата кесенесінің

Басы 1-бетте

айналасына абаттандыру, жарықтандыру, қоршау салу жұмыстары жүргізілуде. Одан бөлек Қармакшы ауданындағы Қорқыт ата ескерткіші кешені де бюджеттен тыс қайта жаңғыртылды.

Мұнан соң аймақтағы бірнеше нысанның қашан жұмысын бастайтынын әрі симфония оркестрінің алдағы жоспарын облыс әкімі аппаратының басшысы Шахмардан Байманов айтып берді.



Сондай-ақ Сыр өңірінің қасиетті орындары – Марал баба, Оқша ата кесенелеріне қайта жаңғырту, айналасын абаттандыру, кесенеге баратын жолдар салу жұмыстары қолға алынды. Облыс орталығында құны 1,6 млрд теңгені құрайтын «Неке сарайы», құны 3,7 млрд теңге болатын мың орындық «Өнер орталығы» биыл ел игілігіне пайдалануға берілді. Алдағы уақытта симфония оркестрі жаңа бағдарламамен «Өнер» орталығында үлкен концерттер беретін болады.

Облыс әкімі аппаратының басшысы аймақ басшысының қолдауымен елу

жылдық тарихы бар өңірдің өнер майталмандарының басын қосқан қара шаңырақ – филармонияның материалдық-техникалық базасы нығайтылғанын да атады.

Айта кетейік, алдағы уақытта филармония Өнер орталығы гимаратына көшіріледі.

Өнер ұжымы тұсаукесер концертін – композитор Ахмет Жұбановтың «Абай»

симфониялық сюитасымен бастады. Бұл – елімізде сирек орындалатын күрделі туындының бірі. Одан кейін күрделі шығарма – Ф.Шуберттің №8 «Аяқталмаған симфония» си минор және казак, әлем композиторларының шығармаларын орындады.

Концертке келген өнер сүйер қауым бірқатар халықаралық және республикалық конкурстың лауреаты Самал Байсейітова, Айдос Иманжаппаров, Ақылбек Табынбаев, Сымбат Тасбергенованың өнерін тамашалады.

Н.АЛТЫН

ЕҢБЕК ЕТКЕНГЕ БАҚЫТ БАСЫН ИЕДІ

Отбасы – шағын мемлекет деген жақсы сөз бар. Барлық тәрбиенің бастауы қасиетті қара шаңырақта. Ата-ана ұлағатын көріп өскен перзенттер отбасындағы жылылықты, мейірімді, қамқорлықты сезініп өседі. Мейірімге қанып өскен бала ешқашан әулетке сөз келтірмейді. Еліне елеулі қызмет жасайды. Құтты босағасынан береке кетпеген Бектұрғановтар отбасы үлгілі ісімен елге танылған өнерпаз отбасы. «Мерейлі отбасы» ұлттық конкурсының қалалық кезеңінен «Өнерлі отбасы» аталымын жеңіп алып, құрмет төрінен көрінді. Шаңырақтың отағасы Келдібай Бектұрғанов таза еңбек, маңдай термен көпке үлгі көрсетуде. Қара сөздің қаймағын шығаратын шешендік сөзге ұста жан. Бау-бақшасын жайқалтқан бағандық қасиеті де бар. Есігінің алдындағы бақшада жемістің тұр-түрі бар. Ерінбеген жаңға бақыт та басын иеді дегендей бүгінде Келдібай ақсақал отбасының ақылшысы, шаңырақтың қорғаны. Бұл кісі өлең айтып, домбыра шертеді.

Өмір жолына келсек, Келдібай Бектұрғанов 1943 жылы Жалағаш ауданында дүниеге келген. Еңбек жолын №1 автокомбинатта жүргізуші болып бастап, педагогикалық институтта оқу ісінің шебері, Қазақ күрші ғылыми зерттеу институтында шаруашылық жөніндегі орынбасар, «Союзспиротрис» Қызылорда филиалында жобалау инженері, «Қызылорда-ордакохозстрой» тресіне қарасты қосалқы шаруашылық директоры және басқа да бірнеше мекемеде абыройлы қызмет атқарып, 2011 жылы зейнетке шыққан. Еңбегі елеңіп, «Қызылорда қаласына – 200 жыл», «Экология саласының үздігі» төсбелгілерімен, бірнеше құрмет грамотасы, алғыс хаттармен марапатталған.

Отанасы Гүлзира Бектұрғанова 1957 жылы дүниеге келген. Ақ жаулықты ана ұрпақтарының ақылшысы, немерелерінің сүйікті әжесі болып, отбасының ынтымағын сақтап отыр. Ерлі-зайыптылар 4 бала өсіріп, тәрбиелеп, олардан 17 немере сүйіп отырған бақытты отбасының тіректері.

Үлкен қыздары Ақбаян Бектұрғанова Қызылорда қаласына белгілі



асаба, қазақтың халық әндерін, термесін орындап, елдің ақ батасын алып жүр. Өнерімен танылған Ақбаян бұл күнде «Сырғалым» өнер тобының жетекшісі болып, ұлт өнерін ұлықтап жүр. Отбасылы 2 бала тәрбиелеп отыр.

Үлкен ұлы Күнтоғлан Бектұрғанов Алматы қаласында тұрады. Құрылыс саласының қызметкері. Отбасылы 4 бала тәрбиелеп отыр. Жұбайы Алина зангер.

Кіші қызы Айнуір Бектұрғанова жолдасы Ғабитпен бірге жеке кәсіпкерлікпен айналысады. «Сәлем» дүкендер желісінің иелері. Қолбалалы отбасы, 6 бала тәрбиелеп отыр.

Кіші ұлы Айтоғлан Бектұрғанов жұбайы Айнуірмен бірге жеке кәсіп-

кер. Қарашаңырақты ұстап отырған көпбалалы отбасы, 5 бала тәрбиелеп отыр.

Келдібай атаның балалары қандай салада жүрсе де өз істерінің мамандары, әке атына дақ түсірмей келе жатқан өнегелі отбасының ұрпақтары. Үлгілі отбасында тәрбиеленіп келе жатқан немерелері де оқу озағатары. «Адам ұрпағымен мың жасайды» деген тәмсіл бар. Ұрпақтарына жақсы істі аманаттаған Бектұрғановтар отбасы қоғамда үлгілі, ағайын-туысқа сыйлы, тілеулес дос-жаранға адалдығымен құрметті. Бұл әулеттің бақыт сыры да осында жатыр.

Г.АСҚАРҚЫЗЫ

ТАЗАЛЫҚҚА ДА ЖАУАПШЕРШІЛІК КЕРЕК

Қалаға келген қонақтың алғаш байқар ерекшелігі – тазалық. Ұқыпты жиналған қоше, қоқысыз саябақ, эстетикалық үйлесіммен бой көтерген гимараттар. Аталған ерекшелік серуенге шыққан тұрғындардың да көңілін марқайтатыны түсінікті. Дегенмен, мұның барлығы бір күнде орын алған өзгеріс емес. Жылдар бойы жиналған қоше тазалау жұмысы адамның тынымсыз әрекетінің жемісі. Әсіресе, шілденің ми қайнатар ыстығы мен қаңтардың қақпаң аязында үздіксіз жұмыс істеген қоше тазалаушылардың үлесін айтай кету мүмкін емес. Осы орайда «Сонғы жылы Қызылорда тазалығында недей өзгеріс орын алды?», «Қоше тазалаушылардың жұмысы елеме ме?» деген сауалға жауап іздеу орынды секілді.

Саладағы өзгерісті айтар шақта сөзді алдымен олқылықтан бастау керектей. Мысалы, жеке тұрғын үй секторында тазалыққа қатысты сын көп. Кінәлі – тұрғынның өзі. Яғни қоқыс тастау ережесіне селсөк қарап, кей тұрғын өзіне ғана емес, айналасына келері келтіріп отырғанын байқамайды.

Мәселен, көпқабатты үйлердің ауласында қоқыс контейнер орнатылған. Сол контейнерге жауапсыз тұрғындар жиі, істен шыққан теледидар, магнитофон, тір машина, үй жануарларының өлекесі секілді тиым салынған қалдықтар үйеді. Тіпті құрылыс қалдықтарын тау қылып, жәшікке тал бұтақтарын аузы-мұрынан шығара салады. Бұл заңсыздан бұрын, қала тазалау жүйесіне көк шығын. Себебі мұндай заттар қалдық таситын көліктегі ішкі механизм бұзады. Байқасаңыздар, қоқыс таситын көліктердің төбесі қоқыс ұшып, шашылмауы үшін жабық етіп жасалған. Аталған көлікке қалдықтар 3 жүк көлігіне тейітін зат сияды. Көліктің тек бір контейнер көлеміндегі бөлігі ашық. Оның ішінде көп мөлшердегі қоқысты сыйдыру үшін нығыздап, жинап тұратын плита орналастырылған. Егер әлгіндей рұқсат етілмеген қоқысты көлікке салса, реттеуші плитаның рельсіне зақым келеді. Ал оны ауыстыру үшін 2 айға жуық уақыт қажет. Міне, кейбір тұрғындардың жауапсыздығы бүгін жүйені тежеуге итермелеп отыр.

– Сонғы он шақты жылда қала тазалығы түбегейлі өзгерді. Бұрынғыдай аспанға ұшып жатқан қоқыс көрінбейді. Қала орталығы мұнтаздай таза. Шеткі аймақтарда да тазалық орнаған. Мұны өзге түгеліміз де аңғарамыз. Өрине, бұл өзгеріс – тазалықшылардың еңбегінің жемісі. Жаз айында күн райы ысып, 46-48 градусқа көтерілгенде көп адам жұмыс кабинетінде отырады. Тұрғындар үйден шықпайды. Ал тазалық қызметкерлері аптапқа қарамай, қоше сыпырып, қоқыс жинағанын көріп жүрміз. Сол үшін тазалық мекемесіндегі әрбір қызметкеріне



құрметпен қарап, бағалай білуіміз керек, – дейді қала тұрғыны Қалжан Мұқантаев.

Қала тазалығына жауапты мамандар барды ұқсатып, жоқтың орын қолда бармен жамауда. Олай етпексе амал жоқ. Араға күн салудың өзі ауқымды қаланы қоқыс басуға әкелуі мүмкін.



Тұрғын саны мен табиғи қажеттілік контейнерді қалдыққа толтырып, күн сайын тазартуды қажет етеді. Сондықтан техника санын толықтыру, маман тапшылығын туғызбау жауапты мекеме мойнында. Өз кезегінде «Қызылорда тазалығы» мекемесі де тиісті жұмыс жүргізіп, оң нәтижеге қол жеткізуге талаптануда. Оның бір мысалы – көлік жайы, аймақ жүктемеінің артуы. Мысалы, биыл 742 млн теңгеге 20 техника алу жоспарланған. Сондай-ақ мекемеге тиесілі аумақтар саны артты. Өткен жылдарға дейін мекеме жауапкершілігінде 250 қоше болса, биыл бұл көрсеткіш елуәрі өскен.

Сонымен қатар қоше бойындағы, аула арасындағы қоқысты тазарту да жүйелі жұмысқа мұқтаж. Сондықтан болар, қоше тазалаушыларға деген ел құрметі ерек. Олардың таңның атысынан

кештің батысына дейін істеген жұмысы халықтың көз алдында. Өрбір қызылордалық күн райына қарамай, далада қоқыс терген тазалықшының жұмысын жоғары бағалары сөзсіз.

Ала жазбай келген көрген тазалықшылардың еңбегі елеусіз қалмады. Биыл салада орын алған ең басты жаңалық – тазалықшылардың қоғамдық көлікпен тегін қатынауы. Өткен жылы 18 жылдан бері «Қызылорда тазалығы» мекемесінде қызмет атқаратын Гүлмайым Қарғабаева облыс әкімінің жеке қабылдауында болды. Кездесу барысында тазалық қызметшісі мекеме жұмысшыларының қоғамдық көлікте жеңілдікпен жүруі туралы өтінішін жеткізген еді. Аймақ басшысы орынды ұсынысты қолдап, жауапты мамандарға тапсырған болатын. Нәтижесінде, қысы-жазы ауа райының қатал мінезіне мойымай, күні-түні қызмет жасап жүрген тазалықшылар қоғамдық көлікте тегін жүруге мүмкіндік алды.

– Тазалық саласында 10 жылдан аса еңбек етіп келемін. Осы уақытқа дейін қыстың қатты аязына немесе жаздың ыстығына қарамай, қала тазалығына өз үлесімді қосып келемін. Біздің

мекемеде жастар да, үлкен буын да еңбек етеді. Жас қызметкерлер өте кішіпейіл. Әрдайым үлкендерге қол ұшын созып, жәрдемдесіп жүреді.

Жаз мезгілінде жұмысқа таңғы 4-те шығамыз. Ал қыста таңғы 7-де өзімізге белгіленген аумақтарды тазалауға бөлінеміз. Қазір халықтың тазалыққа деген мәдениеті жоғарылап келеді. Кейде қатты аяз күндері жастар келіп ыстық шай беріп, алғыс айтқанда қуанып қаламыз. Себебі, бұл – халық құрметі. Өздеріңіз білесіздер, былтырдан бастап облыс әкімінің тапсырмасымен қызметкерлер қоғамдық көлікте тегін жүруге жеңілдік алды. Одан бөлек, демалыс орындарына, санаторийлерге тегін жолдама беруде, – деді «Қызылорда тазалығы» ЖШС мекемесінің қызметкері Зейнегүл Қыпшақбаева.

Расында, облыс аумағының санитарлық тазалық жағдайы қатан қадағаланауда. Бұған дейін аймақ басшысы бірнеше жиын өткізіп, саладағы жұмыс көрсеткішін талқылаған болатын. Жүйелі қадағалау нәтижесі болар, түрлі рейдтер жүргізіліп, тұрғындар мен кәсіпкерлердің тазалық талаптарын сақтауы талап етілуде.

Оған қоса өңірдегі елді мекендер мен мекеме, ұйымдардың сыртқы келбеті мен санитарлық жай-күйі тұрақты тексерістен өтеді. Оның ішінде, жазғы лагерьлердің санитарлық жағдайы, теміржол және автовокзалдың тазалығы, назарға алынған. Салынғанына аз уақыт болған нысандардың тазалығы жетсе, мердігер мекемелердің жөндеп, қалпына келтіргенін де білеміз.

Өрине, тұрақты бақылау болған жерде талап орындалады. Мысалы, қалалық суәлет және қала құрылысы бөлімі мен тәртіп сақшылары бірлесіп тұрақты тексеріс жүргізеді. Олар құрылысы толық бітпей, қараусыз қалған гимараттар, құрылыс қалдықтарын арнайы шақыртусыз қоқыс аумағына төгуі, қоршаудың талапқа сай орнатылмауы, заңсыз қоршау жүргізу бойынша әкімшілік хаттама толтырады. Рейд жұмыстары нәтиже беріп, бүгінде қала көркі келбетіне түскен.

Е.ЯКУДАЕВ

Меншік иесі:



жауапкершілігі
шектеулі серіктестігі

Бас директор
Аманжол ОҢҒАРБАЕВ

Қызылорда қалалық «Ақмешіт апталығы» газетінің редакциясы

Бас редактор
Азиз БАТЫРБЕКОВ

Телефондар:
Бас директор - 40-11-10, 70-11-36 (факс)
Бас редактор - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1009)
Қабылдау бөлмесі - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1023)
Бас редактордың орынбасары - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1022)
Жауапты хатшы, бөлімдер - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1013, 1018, 1021)

Газеттің негізін қалаған Әділхан БӨЙМЕН

Мекен-жайымыз: 120008, Қызылорда қаласы, Бейбарыс сұлтан көшесі, 4А, Т.Жүргенов атындағы шығармашылық үйі.

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде 2019 жылдың 16 сәуірінде қайта тіркелген. Тіркеу нөмірі №17657-Г.
«Ақмешіт апталығы» қалалық газеті КР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ-4310318-07-03.01178 нөмірімен сертификатталған.
Аптасына 2 рет, сейсенбі, сенбі күндері шығады.
Жарияланған материалдардағы пікірлер редакция қызматкерімен сәйкес келе бермейтіні, деректер мен мәліметтердің нақтылығын автордың, хабарландыру иесінің жауапты екендігі ескертіледі.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел: 8(7242) 40-06-68
Газеттің таралымы бойынша 70-14-08 телефонына хабарласуға болады.
Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі 4 А.

Таралымы 3101 Тапсырыс №1462
Нөмірдің кезекші редакторы Гауһар ҚОЖАХМЕТОВА